

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 ақпандағы № 207-1 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Президенті

**ЖАРЛЫҚ Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қ А У Л Ы

Е Т Е М И Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., № 18, 156-құжат; 2000 ж., № 17, 168-құжат; 2003 ж., № 45, 486-құжат; 2007 ж., № 14, 160-құжат; 2011 ж., № 30, 366 - құжат) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы Ережеде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Лауазымы бойынша: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі және Кеңестің жұмыс органдарының бірінші басшысы Кеңестің тұрақты мүшелері болып табылады.»;

2) «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері

туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 1509 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 51, 675-күжат; 2006 ж., № 41, 446-күжат; 2009 ж., № 26, 220-күжат, № 56, 467-күжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің құрамы (лауазымы бойынша):

«Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары»;

3) «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі № 1560 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 17, 199-күжат; 2006 ж., № 18, 166-күжат; 2007 ж., № 13, 145-күжат; № 41, 463-күжат; 2008 ж., № 20, 182-күжат; № 42, 465-күжат; 2009 ж., № 27-28, 234-күжат; № 29, 249-күжат; 2010 ж., № 32, 252-күжат);

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі туралы ережеде: 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Лауазымы бойынша: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі, Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Кеңестің тұрақты мүшелері болып табылады.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің құрамында: мына:

«Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі»
--------------------------------	---	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары»;
--------------------------------	---	---

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрі» деген жол алып

т а с т а л с ы н ;

«Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрі»;

4) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қантардағы № 273 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 1, 5-құжат; 2008 ж., № 2, 22-құжат; 2009 ж., № 35, 330-құжат; 2010 ж., № 7, 94-құжат; 2010 ж., № 38, 327-құжат);

жоғарыда аталған Жарлыққа қосымша осы Жарлыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5) «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 11, 120-құжат; № 38, 430-құжат; 2008 ж., № 24, 226-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 10, 49-құжат; № 27-28, 234-құжат; № 29, 249-құжат; 2010 ж., № 50, 453-құжат);

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның дербес құрамы осы Жарлыққа 2-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6) «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 маусымдағы № 994 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 37, 310-құжат);

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес туралы ережеде:

8-тармак мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кеңестің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Төрағасы Кеңес төрағасы болып табылады.

Кеңестің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) бірінші басшылары және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы кіреді.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

К е л і м б е т о в Қайрат Нематұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары,
Ә б д і р а х ы м о в Ғабидолла Рахматоллаұлы	-	Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) төрағасы;

мына:

« С ұл т а н о в Бақыт Тұрлыханұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі»
---------------------------------------	---	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« С ұл т а н о в Бақыт Тұрлыханұлы	-	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары»;
---------------------------------------	---	---

көрсетілген Кеңестің құрамынан М.Т. Есенбаев шығарылсын;

7) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 1116 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 5, 48-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңесінің құрамы (лауазымы бойынша) «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті* *H. Nazarbaev*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК